

2022 жылға арналған жас сарапшыларды қолдау бағдарламасы туралы ЕРЕЖЕ

**«Қазақстанның болашақ келбеті»
«Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның
стратегиялық зерттеулер институты» ММ**

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты» ММ жас сарапшыларды қолдау бағдарламасы туралы осы Ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстанның болашақ бейнесі» жас сарапшыларды қолдау бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) ұйымдастыру мен іске асырудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді.

1.2 Бағдарламаның мақсаты отандық жас зерттеушілердің сарапшылық және ғылыми-зерттеу саласындағы бәсекеге қабілеттілігін дамыта отырып, қоғамдық ғылымдар саласында зерттеулер жүргізуіне қолдау көрсету болып табылады.

1.3 Бағдарламаның міндеттері:

1) талантты жас сарапшыларды іріктеу;

2) жас сарапшылардың зерттеу дағдыларын жетілдіру арқылы олардың біліктіліктерін арттыру;

3) елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуы үшін тәжірибелік қызығушылық тудыратын зерттеу жобаларын іске асыруда әдіснамалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;

4) жастар арасында талдамалық қызметті танымал ету.

1.4 Осы Ереже бағдарламаны іске асыру тәртібін, оның ішінде жас сарапшыларды іріктеу және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

1.5 Бағдарламаны ұйымдастырушы «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты» ММ (бұдан әрі – ҚСЗИ) болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

2.1 Осы Ережеде келесі негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

2.1.1	Үміткер	1) бағдарламаға қатысуға өтінім берген сәтте 40 жастан аспаған Қазақстан Республикасының
--------------	----------------	--

		азаматы; 2) гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша магистр дәрежесінің және кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы; 3) соңғы 5 жылда ғылыми басылымдарда жарияланымдарының болуы.
2.1.2	Бағдарламаға Қатысушы	Бағдарламаның бірінші кезеңінен өткен үміткер
2.1.3	Бағдарламаның Финалісі	Бағдарламаның екінші кезеңінен өткен бағдарламаға қатысушы
2.1.4	Өтінім	осы Ережеде белгіленген тәртіппен Бағдарламаға қатысу үшін Үміткер ұсынатын, 3.4-тармақта көрсетілген құжаттар жиынтығы.
2.1.5	Байқау комиссиясы	Жас сарапшыларды іріктеу үшін тең жағдайлардың қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыру мақсатында ҚСЗИ құрылатын және бекітілетін алқалы орган.
2.1.6	Білім беру хабы	Бағдарламаға қатысушылардың зерттеу дағдыларын дамыту бойынша оқыту тренингтері мен семинарлар топтамасы. Қатысушылар саны 30 адам.

3. Бағдарламаға қатысуға өтінімдерді қабылдау шарттары

3.1 ҚСЗИ Өтінімдерді қабылдаудың басталу және аяқталу күнін, уақытын қамтитын хабарландыруды www.kisi.kz сайтында және әлеуметтік желілерде, республикалық/өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

3.2 Бағдарламаға қатысуға берілетін Өтінім (бұдан әрі - Өтінім) ҚСЗИ хабарландыруында көрсетілген Байқауға қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі ішінде ұсынылуы тиіс.

3.3 Үміткер Бағдарламаға қатысу үшін осы Ережеге сәйкес Өтінімді мемлекеттік немесе орыс тілдерінде pdf форматында (мөлшері 24мб-дан аспайтын) бір файлмен электрондық сканерленген түрде келесі электрондық мекенжайға жіберуі тиіс: granty.kisi@gmail.com.

3.4 Өтінім келесі құжаттарды қамтиды:

- 1) Осы Ереженің №2 қосымшасына сәйкес толтырылған өтініш нысаны;
- 2) Үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың скан-көшірмесі;
- 3) Жоғары білім туралы дипломның скан-көшірмесі (маманның/бакалаврдың);
- 4) Магистратураны бітіргені туралы дипломның скан-көшірмесі;
- 5) философия докторы (PhD)/ профилі бойынша доктор/ ғылым кандидаты/ ғылым докторы (бар болса) бітіргені туралы дипломның скан-көшірмесі;

- 6) Еңбек кітапшасының немесе еңбек қызметін растайтын өзге де құжаттардың скан-көшірмелері;
 - 7) Ғылыми еңбектерінің, жарияланымдарының скан-көшірмесі (оттиск);
 - 8) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіндегі шоты туралы анықтаманың скан-көшірмесі.
- 3.5 Келесі жағдайларда ҚСЗИ себептерін көрсетпей Өтінімді қараудан бас тартуға құқылы:
- 3.5.1 Өтінімді хабарламада көрсетілген мерзімнен кеш ұсыну;
 - 3.5.2 Үміткердің құжаттардың толық топтамасын ұсынбауы, Өтінімде толтырылмаған тармақтардың болуы және/немесе Өтінімнің/Үміткердің осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеуі;
 - 3.5.3 құжаттардағы дәйексіз деректердің анықталуы;
 - 3.5.4 ҚСЗИ үшін беделдік нұқсан келтіретін мәліметтердің анықталуы;
 - 3.5.5 құжаттардың скан-көшірмелерінің сапасының төмендігі.
- 3.6 Байқауға қатысу тегін.
- 3.7 Үміткер бір ғана Өтінім беруге құқылы. Екі немесе одан да көп өтінім беруге жол берілмейді.
- 3.8 Үміткер ҚСЗИ-ға өтінім бергеннен кейін Өтінімнің осы Ереженің талаптарына сәйкессіздіктерін жою мақсатында Өтінімге өзгерістер енгізуге құқығы жоқ.
- 3.9 Өтінімді қарау өтінімді ұсынған тұлғаның жазбаша өтініші бойынша ҚСЗИ тарапынан тоқтатылуы мүмкін.

4. Бағдарламаға қатысушыларды айқындау тәртібі

- 4.1 Өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен бастап ҚСЗИ келесі техникалық талаптарға сәйкес келетін осы Ереженің 7-бөлімінің 7.1.1.2-тармақшасында, 7.1-тармағында көрсетілген мерзімде өтінімдерді іріктеуді жүргізеді:
- 4.1.1 Өтінімде осы Ереженің 3.4-тармағында көрсетілген барлық құжаттардың болуы.
- 4.1.2 Үміткердің барлық келесі талаптарға сәйкестігі:
- 1) бағдарламаға қатысуға өтінім берген сәтте 40 жастан аспаған Қазақстан Республикасының азаматы;
 - 2) гуманитарлық және/немесе әлеуметтік ғылымдар саласындағы магистр дәрежесінің болуы;
 - 3) кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі;
 - 4) ғылыми басылымдарда жарияланымдарының болуы.
- 4.2 ҚСЗИ осы Ереженің техникалық талаптарына сәйкес келетін Өтінімдер тізілімін қалыптастырады және ҚСЗИ ресми сайтында Бағдарламаға қатысуға тіркелген өтінімдер туралы ақпаратты жариялайды.
- 4.3 ҚСЗИ Байқау комиссияның қарауы және іріктеуі үшін барлық ұсынылған құжаттармен бірге Өтінімдер Тізілімін жібереді.
- 4.4 Байқау комиссия өтінімдерді осы Ереженің №3 қосымшасына сәйкес №1 бағалау өлшемдері бойынша бағалайды.
- 4.5 Екінші кезеңге Байқау комиссияның бағалау нәтижелері бойынша Өтінімдері ең жоғары ұпай жинаған 30 Үміткер өтеді.

4.6 Ұпайлар тең болған жағдайда, үшінші кезеңге ғылыми дәрежесі (философия докторы (PhD)/ профилі бойынша доктор/ ғылым кандидаты/ ғылым докторы) бар, ғылым саласындағы уәкілетті орган ұсынған немесе ғылымиметрикалық деректер базасында (Scopus, Web of Science) индекстелетін ғылыми басылымдарда жарияланымдары көп немесе жұмыс өтілі көп Қатысушысы өтеді.

4.7 Байқау комиссиясы Өтінімдерді қарау және бағалау нәтижелері бойынша Бағдарламаға Қатысушылардың Тізілімін қалыптастырады.

5. Бағдарламаның Финалистерін анықтау тәртібі

5.1 Байқау комиссиясы Байқауға Қатысушылардың Тізілімін бекіткен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде ҚСЗИ осы тізілімді ҚСЗИ ресми www.kisi.kz сайтында жариялайды, Үміткердің Өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайына хабарлама жіберу арқылы Бағдарламаға қатысушыларды хабардар етеді және Білім беру хабына қатысуға шақырады.

5.2 ҚСЗИ бекітілген кестесіне сәйкес Білім беру хабы шеңберінде Бағдарламаға қатысушылар үшін олардың зерттеу дағдыларын арттыру бойынша онлайн форматта оқыту тренингтері мен семинарлар топтамасын өткізеді.

5.3 Бағдарламаның әрбір қатысушысы Өтінімде бұрын берілген тақырып бойынша белгіленген нысанға (№4 қосымшаны қараңыз) сәйкес **Жеке талдау баяндамасының жобасын** әзірлейді және осы Ережемен белгіленген, 7 бөлімнің 7.1-тармағының 7.1-тармақшасында көрсетілген мерзімде granty.kisi@gmail.com. электрондық мекенжайға PDF және Microsoft Word форматтарында жолдайды.

5.4 Келесі жағдайларда ҚСЗИ себептерін көрсетпей Жобаны қараудан бас тартуға құқылы:

5.4.1 Жобаға қатысушының жеке Талдамалық баяндаманы осы Ережеде белгіленген мерзімнен кеш ұсынуы;

5.4.2 Жеке талдамалық баяндаманың жобасында толтырылмаған тармақтардың болуы;

5.4.3 құжаттарда дәйексіз деректердің анықталуы;

5.4.4. ҚСЗИ үшін беделдік нұқсан келтіретін мәліметтердің анықталуы.

5.5 ҚСЗИ 2 жұмыс күні ішінде Жеке талдамалық баяндамалардың жобаларын Байқау комиссияның қарауына жібереді.

5.6 Байқау комиссиясы Жеке талдамалық баяндамалардың жобаларын осы Ереженің №5 қосымшасына сәйкес №2 бағалау өлшемдері бойынша бағалайды.

5.7 Үшінші кезеңге Жеке талдамалық баяндамалардың жобалары Байқау комиссияның бағалау нәтижелері бойынша ең жоғары ұпай жинаған 15 Қатысушысы өтеді.

5.8 Ұпайлар тең болған жағдайда, үшінші кезеңге ғылыми дәрежесі (философия докторы (PhD)/ профилі бойынша доктор/ ғылым кандидаты/ ғылым докторы) бар, ғылым саласындағы уәкілетті орган ұсынған немесе ғылымиметрикалық деректер базасында (Scopus, Web of Science) индекстелетін ғылыми басылымдарда жарияланымдары көп немесе жұмыс өтілі көп Қатысушысы өтеді.

5.9 Байқау комиссиясы Жеке талдамалық баяндамалардың жобаларын қарау және бағалау нәтижелері бойынша Бағдарламаның Финалистерінің тізбесін қалыптастырады.

6. Қызметтер көрсету туралы шарт жасасу талаптары мен тәртібі

6.1. ҚСЗИ Байқау комиссияның шешімі негізінде шешім қабылданған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде Бағдарлама Финалисімен талдамалық баяндаманы әзірлеу бойынша қызметтер көрсету туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) дайындайды және жасасады.

6.2. ҚСЗИ талдамалық баяндаманың мерзімдері мен мазмұнының сақталуын бақылау мақсатында Шарттың қолданылу кезеңінде екі аптада бір рет кезеңділікпен талдамалық баяндаманың орындалуына мониторинг жасайды.

6.3 Шарттың сомасы салық төлемдерін қосқанда 1 000 000 (бір миллион) теңгені құрайды.

6.4 Талдамалық баяндама техникалық ерекшелікке сәйкес келмеген немесе белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда Шарт бойынша төлем жүргізілмейді.

7. Бағдарламаны іске асыру мерзімдері

7.1 Бағдарламаны іске асыру үш кезеңді қамтиды:

7.1.1	Бірінші кезең:	
7.1.1.1	Бағдарламаға қатысуға өтінімдерді қабылдау. Үміткер өтінімнің скан көшірмесін белгіленген нысанға сәйкес (№2 қосымшаны қараңыз) granty.kisi@gmail.com электрондық мекенжайға жібереді	2022 жылғы 18 шілдеден бастап 2022 жылғы 15 тамызына дейін (қоса алғанда)
7.1.1.2	Техникалық талаптар мен №1 бағалау өлшемдеріне (№3 қосымша) сәйкес байқау негізінде Бағдарламаның 30 қатысушысын іріктеу	2022 жылғы 16 тамыздан 25 тамызға дейін (қоса алғанда)
7.1.1.3	Бағдарламаға қатысушылардың тізбесін ҚСЗИ бекітуі	2022 жылғы 26 тамыз
7.1.2	Екінші кезең:	
7.1.2.1	Бағдарламаға Қатысушыларды хабардар ету және Білім беру хабына қатысуға шақыру өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайға хабарлама жіберу арқылы жасалады	2022 жылғы 26-27 тамыз (қоса алғанда)
7.1.2.2	ҚСЗИ бекіткен кестеге сәйкес Білім беру хабы шеңберінде Бағдарламаға қатысушылардың	2022 жылғы 31 тамыздан 27

	зерттеу дағдыларын дамыту бойынша онлайн-форматта оқыту тренингтері мен семинарларының топтамасын өткізу	қыркүйекке дейін (қоса алғанда)
7.1.2.3	Бағдарламаға Қатысушы белгіленген нысанға сәйкес талдамалық баяндама жобасын әзірлейді (№4 қосымшаны қараңыз)	2022 жылғы 31 тамыздан 30 қыркүйекке дейін (қоса алғанда)
7.1.2.4	Бағдарламаға Қатысушылар Талдамалық баяндаманың жобасын granty.kisi@gmail.com электрондық мекенжайына жібереді	2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін (қоса алғанда)
7.1.2.5	Байқау комиссиясы №2 бағалау өлшемдеріне (№5 қосымша) сәйкес байқау негізінде Бағдарламаның 15 Финалисін іріктеуді жүзеге асырады.	2022 жылғы 03 қазаннан 07 қазанға дейін (қоса алғанда)
7.1.2.6	Бағдарлама Финалистерінің тізімін бекіту	2022 жылғы 07 қазан
7.1.3	Үшінші кезең:	
7.1.3.1	Финалистердің жеке Талдамалық баяндамалар бағдарламасын әзірлеуі	2022 жылғы 10 қазан бастап 17 қарашаны (қоса алғанда)
7.1.3.2	Бағдарлама Финалистері жеке талдамалық баяндамаларын granty.kisi@gmail.com электрондық мекенжайға жібереді	2022 жылғы 18 қарашаға дейін (қоса алғанда)

8. Қорытынды ережелер

8.1. Осы Ережемен реттелмеген және қозғалмаған мәселелер ҚСЗИ Байқау комиссиясының қарауына шығарылады.

8.2. Осы Ереженің Бағдарламасының қандай да бір нормалары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, онда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары осы Ережеге өзгерістер енгізілгенге дейін қолданылады.

Зерттеу тақырыптары «ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҚ КЕЛБЕТІ»

Қоғамдық-саяси өзгерістердің бағыттары

Саяси жүйені жаңғырту және азаматтық қатысу

1. Жастардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарына саяси қатысуы;
2. Қазақстандағы өңірлік деңгейдегі саяси бәсекелестіктің ерекшеліктері;
3. Қазақстан Республикасындағы сайлау процестерін цифрландыру: әлемдік тәжірибе;
4. Өзгермелі саяси режим жағдайындағы институционалдық сенім факторлары;
5. Қазақстандағы азаматтық белсенділікті бұрынғы коммунистік елдермен салыстырмалы талдау;
6. Жастардың (бейресми) қауымдастығындағы құндылықтар және саясатқа көзқарас.

Үдемелі қоғамның құндылықтары мен идеологиясы

7. Қазақстанда дәстүрлі емес діни ағымдардың таралу трендтері;
8. Түркітілдес елдердегі діндарлықты салыстырмалы талдау;
9. Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңсіздіктің өңірлік ерекшеліктері;
10. «Өзіміз-бөтендер»: жергілікті тұрғындар мен елдің оңтүстік өңірлерінен солтүстік өңірлерге келген мигранттар арасындағы өзара қарым-қатынастар;
11. Қазақстандағы этносаралық қатынастардың жай-күйі Алматы облысының мысалында: қорытындылар мен ұсынымдар;
12. Білім беру жүйесінің қазақ әліпбиінің латын графикасына көшуіне дайындығы.

Әлеуметтік және экономикалық дамудың бағдарлары

13. Қазақстанда жасампаз индустрияны дамытудың келешек бағыттары;
14. Қазақстандағы урбанизация: сын-қатерлер мен мүмкіндіктер;
15. Қазақстандағы қаржылық мінез-құлық және халықтың көзқарасы;
16. Оңтүстік Қазақстандағы (Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстары) NEET-жастардың жұмыспен қамтылу перспективалары;
17. Қазақстандағы әлеуметтік әл-ауқат және денсаулыққа көзқарас: әлеуметтік таптардағы айырмашылықтар;
18. Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қазақстандықтардың ұстанымдары мен ұлттық құндылықтарына әсері;
19. Теңсіздік пен кедейлікті еңсерудің әлемдік тәжірибесі;
20. Салыстырмалы болашақтағы Орталық Азиядағы кедейлік;
21. Қазақстанның көлеңкелі экономикасындағы этникалық топтар.

Қазақстанның әлемдік және аймақтық саясаттағы орны

Аймақтық өзара әрекеттесу бағыттары

22. Орталық Азия елдерінің аймақтық ынтымақтастығы: мәселелері мен перспективалары;
23. Қазақстан-Ресей қарым-қатынастары: жаңа шынайылықтағы түйісу нүктелері мен перспективалары;
24. Қазақстан мен ҚХР стратегиялық әріптестігінің тұжырымдамалық негіздері: сын-қатерлер мен мүмкіндіктер;
25. Қазақстан үшін Транскаспий көлік және энергетикалық дәлізінің перспективалары;
26. Қазақстанның көрші елдердің бірімен шекара маңы ынтымақтастығын жетілдіру жолдары: әлемдік тәжірибе және іске асыру ерекшеліктері.

Қазақстанның халықаралық аренадағы танымалдығы

27. Қазақстанның халықаралық аренадағы ағымдағы танымалдығы мен брендингінің тиімділігі;
28. Қазақстанның экономикалық дипломатиясы: мәселелері мен болашағы;
29. Қазақстанның «жұмсақ күшін» дамыту: орташа мемлекеттердің дипломатиясын теориялық талдау.

Өтінім

1.Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

2. Туған күні _____

3. Білімі (маман, бакалавр, магистр) _____

4. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (болған жағдайда) _____

5. Ағымдағы қызметі (үміткердің жұмыс орны, лауазымы/оқу орны)

6. Жалпы жұмыс өтілі _____

7. Ғылыми басылымдардағы жарияланымдар саны

8. Байланыс деректері (моб./жұм. телефондар, электрондық пошта)

8. Тұратын мекенжайы _____

9. Банк деректемелері (БСК, IBAN-шот, Банктің атауы) _____

10. Қоса беріліп отырған құжаттар _____

Мен, _____ (толық аты-жөні) осы арқылы Өтініште және оған қоса берілген құжаттарда қамтылған барлық мәліметтердің шындыққа сәйкестігін, шынайы фактілерге сәйкес келетінін растаймын және кепілдік беремін және менің жарамдылығым, біліктілігім, сапалық және басқа талаптарым туралы жалған ақпарат бергенім, авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуы, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулер үшін жауапкершілікті сезінетінін білдіремін. Мен мұндай жалған ақпарат бергені үшін толық жауапкершілікті өз мойныма аламын.

_____Қолы

2022 жылғы « ____ » _____

Уәждемелік эссе

Эссе келесі ақпаратты қамтуы керек:

- 1) Сіз осы Бағдарламаға қатысуға неге қызығасыз?
- 2) Сіз қандай тақырыпқа және неге талдамалық баяндама жазғыңыз келеді (№1 қосымшаға сәйкес таңдау бойынша). Зерттеудің таңдалған тақырыбын зерттеуде кәсіби сараптаманы көрсету қажет.
- 3) Осы зерттеуді жүргізуге сіздің қандай кәсіби/зерттеу дағдыларыңыз көмектеседі? Осы бағыт бойынша академиялық дәреженің және/немесе зерттеу жұмысы өтілінің барлығын көрсету қажет.
- 4) Бағдарламаға қатысу Сіздің зерттеу дағдыларыңызды қалай жақсарта алады?

Сөздердің жалпы саны: 300

Баспа (компьютерлік) мәтінмен

_____ Қолы
2022 жылғы « ____ » _____

№1 бағалау өлшемдері

Талаптар	Ұпайлар					
	0	1	2	3	4	5
Бағдарламаға қатысуға қызығушылық дәрежесі	қызығушылықтың болмауы	қызығушылықтың төмен деңгейі	орташа деңгейден төмен қызығушылық	қызығушылықтың орташа дәрежесі	орташа деңгейден жоғары қызығушылық	қызығушылықтың жоғары деңгейі
Зерттеу тақырыбын таңдаудың негізділігі	негіздеменің болмауы	негіздеменің төмен дәрежесі	негіздеменің орташа деңгейінен төмен	негіздеменің орташа деңгейі	негіздеменің орташа деңгейінен жоғары	негіздеменің жоғары дәрежесі
Таңдалған зерттеу тақырыбына сәйкес академиялық дәрежесінің болуы	жоқ	бар	-	-	-	-
Таңдалған зерттеу тақырыбына сәйкес Үміткердің зерттеу дағдыларының сәйкестігі <i>Зерттеу жұмысының тәжірибесі таңдалған зерттеу тақырыбына сәйкес еңбек өтілімен және/немесе ғылыми жарияланымдармен расталады</i>	таңдалған бағыт бойынша зерттеу жұмысы тәжірибесінің болмауы	таңдалған бағыт бойынша 1 жылға дейін зерттеу жұмысы тәжірибесінің болуы	таңдалған бағыт бойынша 3 жылға дейін зерттеу жұмысы тәжірибесінің болуы	таңдалған бағыт бойынша 5 жылға дейін зерттеу жұмысы тәжірибесінің болуы	таңдалған бағыт бойынша 7 жылға дейін зерттеу жұмысы тәжірибесінің болуы	таңдалған бағыт бойынша 8 жылдан астам зерттеу жұмысы тәжірибесінің болуы

Жеке талдамалық баяндама жобасы

Зерттеу тақырыбы	<i>Осы Ереженің №1 қосымшасына сәйкес Өтінімде бұрын берілген тақырып бойынша</i>
Өзектіліктің негіздемесі	<i>Осы мәселенің ықтимал себептерін көрсете отырып, зерттеу тақырыбының өзектілігін ашу қажет 150-ден сөзден артық емес</i>
Ғылыми жаңалық	<i>Зерттеудің ғылыми жаңалығын зерттелетін тақырыпқа қатысты әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген алдыңғы ғылыми зерттеулерге міндетті түрде шолу жасай отырып негіздеу және олардың осы зерттеумен (контексте шолуда пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер көрсетілуі керек, олардың толық түсіндірмесі «Библиография» бөлімінде ұсынылуы керек), өзара байланысы, зерттеудің күтілетін нәтижелерін белгілі ұқсастарымен салыстыру. 250 сөзден артық емес.</i>
«Библиография»	<i>Бөлімде сілтемелері «Ғылыми жаңалық» бөлімінде көрсетілген жарияланымдар көрсетіледі. Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылымның нөмірі, шыққан жылы, бет нөмірлері, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының есімдері болуы керек.</i>
Зерттеудің мақсаты мен міндеттері	<i>Мақсат қысқаша және нақты жазылған, зерттеу тақырыбына сәйкес келуі, қол жетімді болуы және жобаны іске асыру нәтижесінде күтілетін шешімнің сипатын көрсетуі керек. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жауап беру болжанатын негізгі сұрақты көрсетуі тиіс. 50 сөзден артық емес.</i> <i>Міндеттер логикалық өзара байланысты, дәйекті міндеттер арқылы жобаның мақсатына жету жолдарын сипаттауы керек. Қойылған міндеттердің тізбесі келтіріледі: 1) міндетті шешудің өлшенетін көрсеткіштерімен; 2) жобаның мақсатына жетудегі міндеттердің әрқайсысының рөлін және басқа міндеттермен және жобаның күтілетін нәтижелерімен өзара байланысын қысқаша негіздей отырып; 3) өтініш берушінің пікірі бойынша басқа да маңызды параметрлермен. 150 сөзден артық емес.</i>

Зерттеу әдістемесі	<p>1) негізгі зерттеу мәселесін және зерттеу гипотезасын сипаттау, жоспарланып отырған зерттеу стратегиясы мен тәсілін негіздеу (сипаттау, өзара байланысты және/немесе эксперименттік), зерттеулер жүргізу дәйектілігі;</p> <p>2) қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерінің негіздемесі ретінде жұмыста пайдаланылатын зерттеу әдістерінің сипаттамасы, олардың жоба мақсаты мен міндеттерімен өзара байланысы;</p> <p>3) бастапқы (алғашқы) ақпаратты жинау әдістері, оның дереккөздері және жобаның міндетін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың сенімділігі мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету.</p> <p>200 сөзден артық емес.</p>
Мүдделі тараптар	<p>Зерттеу жүргізу үшін кеңестері қажет бөгде ұйымдардың, оның ішінде мемлекеттік органдардың тізбесі.</p> <p>50 сөзден артық емес.</p>
Зерттеудің шектеулері (тәуекелдері)	<p>Зерттеу жүргізудегі ықтимал қауіптерді және оларды жою жолдарын атау.</p> <p>50 сөзден артық емес.</p>
Зерттеудің күтілетін тәжірибелік нәтижесі	<p>100 сөзден артық емес.</p>

_____Қолы

2022 ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

№2 бағалау өлшемдері

Өлшемдер	Ұпайлар					
	0	1	2	3	4	5
Өзектіліктің негіздемесі	жоқ	төмен деңгей	орташадан төмен деңгей	орташа деңгей	орташадан жоғары деңгей	жоғары деңгейі
Ғылыми жаңалық		төмен деңгей	орташадан төмен деңгей	орташа деңгей	орташадан жоғары деңгей	жоғары деңгейі
Зерттеудің мақсаты мен міндеттері	жоқ	төмен деңгей	орташадан төмен деңгей	орташа деңгей	орташадан жоғары деңгей	жоғары деңгейі
Зерттеу әдістемесі	жоқ	төмен деңгей	орташадан төмен деңгей	орташа деңгей	орташадан жоғары деңгей	жоғары деңгейі
Зерттеудің шектеулері (тәуекелдері)	жоқ	төмен деңгей	орташадан төмен деңгей		орташадан жоғары деңгей	жоғары деңгейі
Зерттеудің күтілетін тәжірибелік нәтижесі	жоқ	төмен деңгей	орташадан төмен деңгей	орташа деңгей	орташадан жоғары деңгей	жоғары деңгейі